

Сегізсай ауылының тарихы

Сегізсай Аққұмның етегінде орналасқан елді мекен. Елді мекеннің «Лебедевка» аталуының негізін қалағандар украиндықтар, олардың алғы шебі қазақ жерінде, 1888-жылдан бастап, өз бетімен, ал 1900 жылы, әсіресе 1905 жылдан бастап үкіметтің жолдамасымен көшіп келді.

1916 жылы Жоғарғы үкіметтің қаулысымен Мәскеуден жер бөлуші «Лебедев» деген есімді адам келеді, сол кісінің атымен «Лебедевка» деп аталып қалған елді мекен.

Сегізсай ертеректе соғыстан бұрын «Светлый путь» колхозы болып құрылды. Оны 1927 жылы Харьков облысынан көшіп келген Семен Семенович Калиновский басқарды. 1941-жылы өз еркімен соғысқа аттанады. Соғыста ауыр жарақат алып госпитальға түседі. Бұлардың отбасы С.Воробьевкаға көшіп кетеді.

Сегізсай – Лебедевка елді мекенінде қазақтар, орыстар, украиндар, ұлт өкілдері мекен етті. 200-дей отбасы болған.

Колхоз негізінен мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, суармалы плантация-онда картоп, қауын, жуа, кукуруз егілген. Суарманы-Супурин Савелий Моисеевич басқарған. Соғыс кезінде ешқандай тарығушылық болмаған.

1941-жылы соғыс кезінде колхозды Макар Павлович Копыттко басқарды. 1932 жылы Лебедевкада орысша бастауыш мектеп ашылды, оның алғашқы мұғалімі Иван Григорьевич Шарм болған.

Мектеп ашылғанына 50 - мерекесіне байланысты, оның алғашқы мұғалімі, 1962 жылы Иван Григорьевич Шармға, Харьков облысынан «құттықтау телеграммасы» жолданған.

Соғыстан кейін «Светлый путь» колхозы Лубен колхозына қосылып «Красная звезда» болып бірігеді. Колхоз басқармасы Иван Поликарович Тищенко басқарады, Ферма меңгерушісі Испанов Күшер, есепшісі Жакиев Төребай болды.

«Красная звезда» колхозының Лебедевка комсомол жастар бригадасының даңқы бүкіл ауданға мәлім болған. Мұндағы В.Перепятко, Н.Петченко, Л.Боровик сияқты комсомол мүшелері сүт саууда жоғарғы көрсеткіштерге

жеткен. Соның ішінде 2470 литр сүт саууда жоғарғы көрсеткішке жеткен Г.Боровик аудандық сауыншылар жарысында I орынға ие болған. Н.Петченко колхоз қаражатымен Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне барып қайтты.Сондай-ақ озат сауыншылар қатарына Кравцова Надежда Яковлена, Волкова Валентина Васильевна – сүт сауудағы көрсеткішті артығымен орындап, аудандық «Құрмет тақтасында» суреті шығып тұрған.

Сол кездегі ферма меңгерушісі Муса Бимаганбетов, бригадир Сайын Айтжанов, Қожабай көшелеков қарттардың еңбектері зор еді.

Бимаганбетов Муса ағай, совхоз құрылғаннан бастап, ауылшаруашылық веттехник, ферма меңгерушісі қызметтерін атқарып, абыройлы, үлгілі азаматтардың бірі болды.Еңбегі бағалынып 1964 жылы «Құрмет белгісі» орденімен наградталды.

Чапай – Самар өз алдына колхоз болатын.Басқарма – Қарасев Бақытжан болған. Ол кезде Чапай өңірінде 200-дей отбасы, 8-жылдық мектебі бар, мектеп басшысы- Қаражігітов Нурмухамед атамыз болған.

Колхозды ұйымдастыру кезінде аянбай еңбек сіңірген, сауыншы болған, ауылдық депутат болып сайланған – Тілесова Өрік әже қазір 92 – жаста Шыңғырлау ауданында тұрып қайтыс болады.

Чапай 1947-1964 жылдары «Красная звезда» колхозына қосылып Чкаловский ауылдық совет болып қаланды.Одан кейін Лебедевка бөлімше болып қалады.

1946-1947 жылдары орысша – қазақша аралас мектеп болып, оны Жүсіпов Бапыш болды. Жүсіпов Бапыш ағай – Ұлы Отан соғысының ардагері, бірнеше медальдармен марапатталған. «Оқу ағарту ісінің үздігі» атағын алған, қазір Лубен ауылында тұрады, құрметті демалыста, жасы 83-те.

«Красная звезда» колхозы 1957 жылы Константиновка, Алмазний, Лебедевка, Лубен совхозына қарайды.

Совхоз председателі – Азовский Николай Артемьевич басқарады.Алмаз 1961-жылы өз алдына совхоз болып бөлініп шықты. Директоры: Кормильцин басқарды.

Ауылымызда механизатор болып еңбек сіңірген – Боровик Николай, Логвоненко Иван, Ганжен Николай, Петченко Иван Михайлович, Жетмеков

Орынғали – астық салу, жинау, шөп дайындау кезінде алдыңғы қатарды болып ауданның «Құрмет тақтасында» суреті шығып тұрған.

Үш жыл қатарынан 1978-1989-1980 жылдары Социалистік жарыстан жеңімпазы атағын алған, озат механизатор – Кенжебаев Айтқали, сондай-ақ жыл сайын пішен шауып, тасып, күндік нормасын асыра орындап отырған озат механизатор – тракторист Жетмеков Орынғалидың еңбегі бағаланып, Жоғарғы Советтің қаулысы бойынша 1973 жылы «Құрмет белгісі» орденімен наградталған, социалистік жарыстың жеңімпазы 1973 жыл, Коммунистік еңбек ері атағын 1977 жылы жеңіп алды.

Шайхиев Құбаш сол кездегі «Светлый путь» колхозында 1956 жылдан Алмаз савхозында 1993 жылға дейін үзбей жүргізуші мамандығын меңгеріп, үзіліссіз еңбек етті.

1970 жылы совхоз өнімдерін арттыруға үлес қосқаны үшін еңбегі бағаланып «Коммунистік еңбектің екпіндісі» медальмен, В.И.Лениннің туғанына – 100 жыл толуына байланысты мерекелік медальмен наградталды. Жыл сайын «Үздік жүргізуші» атағын жеңіп алып, заттай, ақшалай сыйлықтар алып отырған.